

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 наурыздағы № 271 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 тамыздағы № 552 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.08.2021 № 552 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 24 наурыздағы
№ 271 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Сәйкестікті растау рәсімдері" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 4, 48-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "Сәйкестікті растау рәсімдері" техникалық регламентінде:

бүкіл мәтін бойынша:

"жеткізушіде (дайындаушыда, сатушыда)", "жеткізушінің (дайындаушының, сатушының)", "жеткізуші (дайындаушы, сатушы)" деген сөздер тиісінше "дайындаушыда (орындаушыда)", "дайындаушының (орындаушының)", "дайындаушы (орындаушы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"түзеу іс-шараларын", "түзеу іс-шаралары" деген сөздер тиісінше "түзеу әрекеттерін", "түзеу әрекеттері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"дайындаушы, сатушы" деген сөз "дайындаушы (орындаушы)" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тарауда:

1-тармақтағы "(бұдан әрі нормативтік құжаттар)" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақта:

"басқа да нормативтік құжаттың" деген сөздер "басқа да нормативтік құжаттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

"сынақтарды" деген сөз "сәйкестікті растау саласындағы жұмыстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өнімнің сәйкестендірілуін жүргізуге, оның ішінде жіктеу топтамасына жататындығын, техникалық құжаттамаға сәйкестігін, шыққан жерін, осы партияға жататындығын, сондай-ақ өнімнің техникалық регламентке және нормативтік құжатқа, тауарға ілеспе құжатқа, жеткізуге арналған шартқа (келісімшартқа), ерекшелікке, затбелгіне, заттаңбаға және өнімді сипаттайтын басқа құжатқа сәйкестікті растау үшін жиынтығында жеткілікті белгілерді, параметрлері, көрсеткіштері және талаптары бойынша сәйкестігін тексеруге. Сәйкестендіру кезінде импорттаушының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері талаптарын өнімді таңбалауға қажетті ақпарат бөлігінде сақталуы ескертілуге тиіс;"

11-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сәйкестікті растау схемасын өтініш беруші сәйкестікті растау органымен бірлесіп анықтайды.";

26-тармақтағы "осы өнімге арналған нормативтік құжаттарда және зертхана құжаттарында белгіленеді" деген сөздер "зертхана белгілейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

30-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"Өндірістің жай-күйін талдау кезінде мыналар тексеріледі:";

48-тармақтың екінші бөлігіндегі "көлемі, мазмұны мен жүргізу тәртібі осы өнімге арналған нормативтік құжаттарда белгіленеді" деген сөздер "көлемін, мазмұны мен жүргізу тәртібін орган белгілейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

85-тармақта:

1) тармақшадағы "басқа да" деген сөздер алынып тасталсын;

4) тармақшадағы "немесе кәсіпорын өндірісінің" деген сөздер алынып тасталсын;

90-тармақтың 2) тармақшасында "89" деген сандар "85" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген Техникалық регламентке 2-қосымшада:

"инспекциялық тексеруге" деген сөздер "инспекциялық бақылаумен" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Техникалық регламентке 4-қосымшада:

тақырыбындағы "200__ жылғы "___" _____" деген сөздердің алдынан "20__ ж. "___" _____ №_____ өтінім бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген Техникалық регламентке 6-қосымшада:

"Қызметтерді сертификаттау схемаларын қолдану" деген бөлімнің екінші абзацында "Кәсіпкер-азаматтар" деген сөздер "жеке кәсіпкерлер" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 № 1004 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 № 1004 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 24 наурыздағы
№ 271 қаулысына
қосымша

Ескерту. Қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 № 1004 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.